

2015 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1192 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қаңтарда № 2467 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысына сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындалсын.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Г. Олжабаева) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Маржан Төрекұлқызы Қожаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 5 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

Қала әкімі

Н. Календеров

Тараз қаласы әкімдігінің "2015 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1192 қаулысына келісім парағы

Тараз қаласының прокуроры

Б. Телеу

"30" желтоқсан 2014 жыл

Қазақстан Республикасы қорғаныс

министрлігінің "Жамбыл облысы

Тараз қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Е. Абдуллаев
"30" желтоқсан 2014 жыл

Тараз қаласы әкімдігінің
2014 жылғы "29" желтоқсан
№ 1192 қаулысына қосымша

Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 19.05.2015 № 440 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.06.2015 туындайтын қатынастарға таралады).

№	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру (тенге)	2015 жыл	
					сұраныс	ұсыныс
1.	Тараз қаласы "Жасыл Ел-Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қаланы санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша	51 274 жергілікті бюджет	700	700
2.	Тараз қаласы "Тұрғын үй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қаланы санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша	51 274 жергілікті бюджет	30	30
3.	"Жамбыл облысы Тараз қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесі	Әскерге шақыру қағаз тарату үшін курьерлік көмек көрсету, көктемде (наурыз, сәуір, мамыр), күзде (қыркүйек, қазан, қараша)	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді жұмыс кестесі бойынша	51 274 жергілікті бюджет	30	20
4.	"Тараз қаласы әкімінің аппараты" Коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша	51 274 жергілікті бюджет	20	20
			Толық емес			

5.	Тараз қаласының прокуратурасы	Құжаттарды рәсімдеуге техникалық көмек	жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша	51 274 жергілікті бюджет	6	6
6	"Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаменті Суда құтқару қызметі" мемлекеттік мекемесі	Шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді жұмыс кестесі бойынша	51 274 жергілікті бюджет	20	20
	Барлығы				806	796

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК